8D01101–«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Жанна Ербосыновна Утемисованың «Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі инновациялық, технологиялық-технократтық, ақпараттық-цифрлық қоғамның дамуы мен жасанды интеллектінің қарқындылығы басым жағдайда қоғамның әлеуметтік жаңғыруы қажет етіледі. Әлеуметтік өркендеуге тікелей үлес қосатын болашақ маман, бүгінгі студенттер. Осыған байланысты студенттерді ел тағдырына және оның әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне арналған жауапкершілік сезіміне ие бастамашыл тұлғалар тұрғысынан қалыптастыру абзал. Ал бұл болса, студенттердің азаматтық белсенділігін, әлеуметтік жауапкершілігін дамытуды зерттеудің қажеттілігін арттырады.

Студенттердің әлеуметтік біліктерінің даму деңгейі қоғамдық іс-шараларды жүзеге асыру барысындағы іс-әрекеттерінде көрініс табады. Соның ішінде еріктілік іс-әрекет тұлғаның әлеуетін ашудың, ізгілікке тәрбиелеудің және білім алушылардың әлеуметтік тәжірибесін дамытудың ең тиімді әрі оң құралдарының бірі. Оның үстіне қазіргі таңда еріктілік іс-әрекет - оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық тәрбиелік тәсіл тұрғысынан адалдықтың, әділеттіліктің, мейірімділіктің, жауапкершіліктің, қайырымдылықтың, ізгіліктің, төзімділік пен жасампаздықтың көрінісі.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында жоғары оқу орындарының «үшінші миссиясын» жүзеге асыру аясында олардың қоғаммен өзара байланысын күшейту, әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысуы және студенттердің қоғамдық белсенділігін арттыру қажеттілігінің атап өтілуі зерттеудің көкейкестілігін өзектендіре түседі. Оның үстіне осы Тұжырымдамада жастарды қоғамдық қызметке тарту, олардың азаматтық ұстанымдарын қалыптастырудың міндеттелуі мен қоғамда әлеуметтік маңызы бар жобалар арқылы еріктілік қозғалысты дамытудың мақсат тұтылуы Ж.Утемисованың диссертациялық зерттеуінің бүгінгі күннің өзекті мәселесіне арналғандығын дәлелдейді.

Сондай-ақ зерттеудің өзектілігі студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің жеткіліксіз жасалуымен, еріктілік іс-әрекеті процесінің студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың тиімді құралы бола алатын негіздемесінің жетіспеушілігімен, олардың мәні мен мазмұнын, педагогикалық шарттарын айқындайтын тұжырымдамасының болмауымен де көкейкестендіріледі. - студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың теориялық негізделген моделінің құрылуы мен оның

тиімділігін айқындайтын технологияның жасалуы және оның мақұлдаудан өткізілуі педагогика ғылымы мен практикасында бүгінде кездесіп отырған олқылықтың орнын толтырады.

Жанна Утемисова зерттеу барысында студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің дамуы мен еріктілік іс-әрекеті процесінің мәні мен ерекшеліктері қарастырылған шетелдік және қазақстандық әдебиеттерге контент-талдау; мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарға, білім беру бағдарламаларына талдау жасау; өзінің ой-пікірлерін теориялық негіздеу мен тұжырымдау; эмпирикалық зерттеулер жүргізу (сауалнама, әңгімелесу, сұхбат және т.б.), педагогикалық эксперимент; статистикалық-математикалық, компьютерлік бағдарламалық өңдеу әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

- студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру мәселесіне әдіснамалық-теориялық талдаулар жүргізу негізінде «студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі» ұғымының мәнін нақтылады, оған авторлық анықтама берді, құрылымы мен мазмұнын негіздеп сипаттама берді;
- «еріктілік іс-әрекет» ұғымының мәнін нақтылап, еріктілік іс-әрекеті процесінің мәндік сипаттамасын жасады; еріктілік іс-әрекет процесінің ерекшеліктерін анықтау негізінде оның студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерін айқындады;
- студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтады, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері айқындап, құрылымдық-мазмұндық моделін жасады;
- студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың технологиясы жасады және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерді.

Жанна Утемисованың диссертациялық зерттеуінің құрылымы мен мазмұны оның тараулары мен параграфтарының, жаңалықтарының бір-бірімен тығыз логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай баяндалғанын көрсетеді, сондай-ақ теориялық нәтижелерінің практикада көрініс табудағы сәйкестігін танытады. Ал бұл болса, докторанттың диссертациялық жұмыс жазуға жауапкершілікті қатынасын айғақтайды.

Жанна Утемисованың жарияланымдары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің (әрі қарай Комитет) талаптарына сай келеді. Оның жарияланымдары Скопус мәліметтер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторлы шетел басылымында, Комитет тізіміндегі журналдарда, шетелдік халықаралық конференцияларда басылым көрген.

Докторанттың студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру технологиясының мазмұнын (Volunteer Hub еріктілер хабы, «Peer-to-Peer» тәлімгерлік жобасы, «Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасы, «SAQ Officers» жобасы) жасауы мен оны кезеңдермен жүргізуі, сондай-ақ жүргізуі барысында психофизиологиялық,

психотехникалық, педагогикалық-инновациялық, цифрлық құралдарды, әдіс-тәсілдерді қолдануы оның өзінің зерттеу проблемасының теориясы мен әдіснамасын жетік меңгергендігін және жоғары белсенділігін көрсетті. Жанна Утемисова диссертациялық зерттеу жұмысын орындауы барысында білімділігімен, біліктілігімен, зерттеушілік мәдениетімен және адами тұлғалық қасиеттерімен айрықшаланды.

Сонымен Жанна Ербосыновна Утемисованың «Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекеті процесінде қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясы дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек, диссертациялық жұмысты «8D01101 – Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор **Абдигапбарова У.М.**

ЗАВЕРЯЮ:
РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ